



# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Екі дүниежүзілік соғысаралық кезең





**Дәрістің мақсаты:** Версаль жүйесінің өмір сүру уақыты, яғни соғысаралық кезеңдегі дағдарыстар мен қақтығыстардың пайда болуы, дамуы мен нәтижелерін талдау, отарлардың жағдайын сипаттау.

**Кілт сөздер:** «Қара сейсенбі», Ұлы Депрессия, тікелей емес басқару, оқшаулану, кейнсиандық, метрополия, нацистік партия, «жаңа бағыт» саясаты, тоталитаризм.

Бүгін біз қазіргі заман кезеңін, соның ішінде соғыс аралық кезеңдегі негізгі мәселелерді талдауды аяқтап, Версаль жүйесі өмір сүрген уақытты қамтыған мәселелерді талдаймыз.

Антантаның жеңісін бекіткен Версаль жүйесі қарама-қайшылықтарға толы болды. Мысалы, бір жағынан сырт қарағанда ол еуропалық халықтарға өзін-өзі анықтау құқығын берді. Екінші жағынан Еуропадан тыс халықтарға дүниежүзілік соғыста кім жағында болғанына қарамастан маңдайына империялардың отары болып қала беру жазылған екен. Африка мен Океаниядағы германдық иеліктер жеңімпаздар арасында бөліске түсті, оның үстіне жартылай тәуелді Британдық доминиондардың кейбірі бөліс барысында отар иеленуге қолдары жетті. Осман империясына тиесілі Таяу Шығыстағы жерлер ағылшын және француздық мандаттар мәртебесіне ие болды; империялық әкімшіліктерге оларды болашақта тәуелсіздікке «дайындау» тапсырылды.

Париж уағдаластықтарының қаржы-экономикалық жағы қарама-қайшы болды. Антанта саясаткерлерінің түсінігінде Германия болашақта әскери қауіп тудырмау үшін экономикалық тұрғыдан әлсіз мемлекетке айналуы тиіс еді. Дегенмен оның мойнына соғыстан зардап шеккен батыс еуропалық демократияларға – Бельгия, Франция мен бірінші кезекте Англияға төленуге тиіс ауыр қарызы болды. Олар болса алған қаржының бір бөлігін АҚШ-тан алған қарызды жабуға пайдаланды. Қаржы экономикалық тұрғыдан әлсіз мемлекетте жер шарының ең мықты экономикасын қолдауға жіберілді. Соғыстан ұпайы түгел байып шыққан мемлекет тек АҚШ болды.

Осындай қайшылықтар Версаль жүйесіндегі дағдарыстар мен қақтығыстардың басталуына түрткі болды. Бүгінгі дәрісімізде осы мәселелерді тілге тиек етеміз.

Герман империясының өмір сүруінің аяқталуы прецедентті туғызбады; керісінше империялар өсе түсті. 1920 жылы оларда 600 миллионнан аса адам тұрды. Теория бойынша оларды әкімшілік мақсатта аймақтық немесе дәстүрлі билеушілерді пайдаланып немесе орталықтан тағайындалған бюрократтарды тағайындау арқылы жанама түрде басқаруға болатын. Жергілікті жерлерде жағдай әртүрлі болды. Африканың орталық аймақтарында дамыған инфрақұрылымның жоқтығы іс жүзінде шенеуніктерді ешкімге бағынбайтын «патшасымақтарға» айналды. Сондықтан әдетте отарлық жүйелердің көпшілігінде жанама және тікелей басқару жүйесі аралас болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі онжылдықта қос мандатты жүзеге асыруға талпыныс отар Азия мен Африканың бірқатар аймақтарында анағұрлым экономикалық өсім әкелді. Әсіресе азық-түлік, талшық және тау-кен өндірісінің өнімдері: Малайзиядан – қалайы, Ирактан – мұнай, Бельгия Конгосынан – мыс халықаралық жоғары бағаларға ие болды. Алайда отар режимдері жергілікті өндіріске әкелді, өйткені бұл өнімдер капиталистік фирмалар сырттан тасымалдағысы келетін тауарлармен бәсекелес етті. Отарлаушы елдер жолдар мен теміржолдар салды. Алайда Үндістандағы бірен-саран ерекшеліктерді қоспағанда, транспорт желілері отар ел экономикасының ішкі ықпалдастығы үшін емес, ішкі өлкелерден шикізат тауарларын экспорттау үшін, теңіз айлақтарына жеткізу үшін және шетелдік тауарларды қарама-қарсы бағытта тасымалдау үшін қызмет етті.

Отар елдердің басым бөлігі дәстүрлі қоғамда өмір сүре берді. Дегенмен өзгерістер болды. Олар отарлық биліктің отарлардағы өмірді жақсартуға байланысты ниетімен емес, отарлардың аграрлы-шикізат экономикаларының әлемдік товар айналымына тартылуымен байланысты еді. Экспорттан коммерциялық табыс түсіру үшін өсіре бастаған мәдениеттер: мысалы, Индонезияда кофе, Үндіқытайда күріш, Сенегалда жер жаңғағы немесе Угандада мақта натуралды шаруашылықты ысыра бастады. Енді фермерлердің бақуаттығы олардың жаһандық экономикалық конъюнктураға қатысты кәсіпкерлік инстинктерінің және жалпы



дүниетанымының дамуымен байланысты болды. Отарлық шет аймақтардан кеніштер мен шахталарға жұмыс іздеу мақсатында жүретін жаппай мерзімдік миграциялар да әлеуметтік өзгерістерге өз үлесін қосты. Өндіруші өнеркәсіп аймақтарында жаңа қоныстар пайда бола бастады. Олар ауыл адамдарынан қала адамын балқытып шығаратын қоғамның балқыма пештер сияқты. Солардың біріне біз XX ғасырдың тоғысында пайда болған Шығыс Африкадағы Найроби мен Малайяның қалайы кеніштерінің жанында құрылған Куала-Лумпурды жатқыза аламыз.

### **Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа және Африка теміржол желілері**

1920 және 1930 жылдары Африкадағы теміржол құрылысы орналасқан жерін қандай географиялық, саяси және экономикалық факторлармен түсіндіруге болады? Еуропа мен Африка теміржол желілерінің көлемі мен тығыздығына зер салып, олардың арасындағы айырмашылықты қалай түсіндіре аласыз?

Өз елдерінде демократия орнаған отарлық державалар басқа халықтарға қатысты автократиялық биліктерін нәсілдік және мәдени негізде ақтап алып отырды. «Жаңа заманғы және өркениетті» метрополистер, «мешеу әрі жабайы» отарлы субъектілерді жарқын болашаққа жетелеуі тиіс деген пікір келтірді. Алайда бодан халықтар тек орташа жылдамдықпен, өзін-өзі басқару бағытына қарай жылжи алды, ол әдетте егер ғасырлар болмаса да, онжылдықтармен есептелді.

Отарлық қоғам сыртқы миграция ықпалымен де өзгерді. Еуропалық қоныстанушылардың үлкен қауымдары империяның ішкі облыстарында пайда болды. Мысалы, Оңтүстік Родезияда – болашақ Зимбабведе ақ нәсілділер халықтың 5%-ын құрады. Шамамен 60 мың ақ нәсілділер 1950 жылы Кенияда орнықты. Көп жағдайда кез келген ағылшын отарына қарағанда француздық Алжир «нео-Европаның» аймағын еске түсірді: тәуелсіздік үшін болған Алжирдегі соғысының қарсаңында еуропалықтардың саны 1,5 миллион адамнан асып жалпы халықтың 15%-ын құрады. Барлық атап өтілген аймақтарда билік ат төбеліндей ақ нәсілділердің қолында болды. Олардың жергілікті қоғамдарды қалыптастырудағы рөлін екі жақты бағалауға болады: бір жағынан олар өздерімен бірге батыс мәдениеті мен ағарту әкелсе, екінші жағынан өз мүдделеріне жетуде жергілікті билікке арқа сүйеген олар отарлық биліктің озбырлығын көрсетті.

Соғысаралық кезеңде еуропалықтар шетелге бұрынғыдай көп көшіп-қона берді. 1920 жылы миллиондаған қытайлық пен Оңтүстік азиялық әйелдер мен ерлер Францияға, Голландияға және Ұлыбритания отарларына қоныс аударды. 150 мыңнан көп Оңтүстік азиялықтар 1860–1911 жылдары негізінен қант плантацияларында жұмыс істеу үшін Оңтүстік Африкаға барды. XIX ғасыр аяғында үндістандық солдаттар Ұлыбританияның Шығыс Африкада басып алған аймақтарында маңызды орынға ие болды және он мыңдаған қарапайым халық Кения жағалауындағы Момбасадан шалғайдағы ішкі өлке – Угандаға дейін, теміржол желісін салу үшін келіп жетті. Оңтүстік азиялықтар Шығыс Африкадағы африкалық қалың бұқара мен Британдық әкімшілік және қоныстанушы шағын топ арасында әлеуметтік бағынышты орташа топ үлгісінде болды.

### **Палестинадағы еврей қоныстанушылары**

Еуропалық еврейлердің жаппай Палестинаға қоныс аударуы – отар елге миграция ішінде нәтиже жағынан ең мағыздысы боп саналады. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға 1 жыл қалғанда Ұлыбританияның сыртқы істер министрі Лорд Артур Бальфур әзірше Осман империясының қоластына қарайтын аймақта еврей «ұлттық ошағын» құрып беруге уәде еткен декларацияға қол қойды. Соғыстан кейін британдық мандатқа айналған Палестинаға Еуропаның шығыс және орталық аймақтарынан мыңдаған еврейлер ағылып келе бастады; журналист



және жазушы Теодор Герцль құрастырған сионизм доктринасы олар үшін идеологиялық қозғалтқыш күшке ие болды. Ол бойынша әзірше арабтар қоныстанған жерде «эрең Исраэль» – «Арман еткен жерде» еврейлік мемлекетті құру қажеттілігі мен заңдылығын жариялады. Эмигранттар арасында қоныстанушыларды ауылшаруашылық коммуналар «кибуц» құруға шақырған социалистік көңіл күйлер де болды. 1937 жылға таман еврей халқының саны 400 мыңға, шамамен айақ халқының 30%-ына жетті. Олардың арабтармен қарым-қатынастары о бастан ұшықты болып 1920, 1929 бен 1936 жылдары ол ірі этникалық қақтығыстарға ұласты. Екі жақтың ұлтшылдары да британдық билікпен күресті, бірақ олардың мақсаттары әртүрлі болды.

Соғыс аралық жылдар ішінде араб фермерлері мен еврей иммигранттары арасында Палестинаның жері мен суына бақылау жасау үшін қақтығыстар ұлғайды. Еврей қоныстанушылары, сионисттік қаржылай инвестиция арқылы жиі көмек алып, араб иелерінен, әсіресе, тиімді бағаға сататын дәулетті ықпалды жандардан жер сатып алды. Британия әкімшілігі де қолма-қол ақшамен алатын қымбат салықтар сала отырып, араб жер өңдеушілерін мәжбүрледі. Бұл әрекеттер жері жоқ араб шаруалар табының өсуіне себеп болды. Олар өздеріндегі қиын жағдай үшін белгілі бір деңгейде араб ірі жер иеленушілері мен Британ режимін кінәлады, сонымен қатар, ашуларын ұлғайып келе жатқан еврей азшылығынан да алуға тырысты.

Қисынсыз Британ саясаты жағдайды одан әрі ушықтырды. Әкімшілік еврей және араб мүдделерінің арасындағы тар шегараны ұстап тұруға тырысты, алайда Палестинаны басқарып отырған британдық жоғарғы комиссарлар жергілікті деңгейде ықтимал өзін-өзі басқару механизмдерін/не конституция, заң шығарушы орган немесе сайлаушыларды дамытуда ешбір әрекет жасаған жоқ. Бұл еврей және араб топтары толығымен екіге жарылған, бір-бірімен сирек қарым-қатынас жасайтын, азаматтық және еңбекші ұйымдарын құруға ықпал етті. 1929 жылы және 1936 жылы арабтар мен еврейлер арасындағы шиеленіс қайтадан ушығып, зорлық-зомбылыққа ұласты және араб шаруалары 1937–1939 жылдары Британ күштеріне қарсы ірі көтерілістер жасады. Сионистер мен араб ұлтшылдары Ұлыбританияның Палестинаны тастап кеткенін қалады, алайда жағдай басқаша өрбіді: сионистер тәуелсіз еврей мемлекетін құру үшін жолын тазалағысы келді, арабтар көпшіліктің басқаруымен тәуелсіздікке қол жеткізсек деді. Екінші дүниежүзілік соғыс бұл қақтығысты тек қысқа мерзімге тоқтатты.

Еуропалық идеологтар баяғыда еуропалық империализммен күресушілердің қолшоқпарына айналған еді. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында отар елдерде ұлтшылдық халықты топтастыруда тиімді құрал екенін көрсетті. Коммунизм доктриналық жаңалыққа айналды. 20-жылдардан бастап отаршылдыққа қарсы күресте оның рөлі мен қолдаушылардың саны үздіксіз өсіп жатты. Бұл халықтың ұлттық езгімен қатар, әлеуметтік езгіні бастан өткергенімен байланысты болды. Социалистік құрылыс пен ұлт-азаттық күресті біріктірген сталиндық модель сөз жүзінде ғана болса да, кек алуды қалаған жас революционерлерге ерекше әсер етті. Олардың қатарында үндіқытайлық Компартияның негізін қалағандардың бірі – Хо Ши Мин болды. Классикалық марксизмнің интернационалистік ұрандары оның өз ұлтшылдық сенімдерін ұстануға кедергі жасамады. Хо Ши Мин үшін ненің құрал және ненің мақсат болғандығы түсініксіз болды. Соның ішінде болашақ коммунистік қоғамның негізін қалайтын ұлтты құрылыс па әлде әлеуметтік езгідегі шаруалар тобын ұлттық азат ету күресіне тарту құралы ретіндегі коммунизм бе екендігі белгісіз қалды. Бұл мәселелер кейінге қалды, себебі отарлық әлемде мұндай комбинацияның қай-қайсысының да стратегиялық сәттілігі даусыз болды.

XIX ғасыр ортасынан бері Оңтүстік Азиядағы қалалық интеллектуалдардың шағын тобы Британ билеушілеріне либералды реформалар үшін өтініш беріп келеді. Бұл жетекшілер жедел қалаға шоғырлану мен отар елдегі салыстырмалы түрде күрделі коммуникациялық желілердің байланысы қалыптастырған, үнділердің ұлғайып келе жатқан ұлттық ерекшелік сезімдерін өз мүдделеріне қолданды. Заңгерлер мен өзге де ағылшын білімін алған адамдар 1885 жылы құрған Үнді ұлттық конгресі (ҮҰК) көбірек саяси өмірге араласу мен жақсырақ жұмыс істеуді талмастан талап етті. Ұлыбритания Үндістанның адалдығына илануды қажет еткен, Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында, үкімет «Британ империясының бөлінбес бөлшегі ретінде... жауапты үкіметті жүзеге асыру» ниетін жариялады. 1919 жылы Британия отар режимі деп ат қойған, Радж Үндістан провинциялды заң шығарушы органына белгілі бір шешім шығару



билігін берумен қоса, шектеулі өзгерістерді бекітті. Алайда сонымен бір мезгілде, ұлтшылдардық белсенділікті қатаң қудалау арқылы, бұл бастамаларды қысқартты. 1919 жылы сәуірде елдің солтүстігіндегі Амритсар (Amritsar) қаласында, Британ генералы бейбіт шерушілерді атқылауға бұйрық берді. Шамамен 370 әйел мен ер адам қайтыс болған әйгілі Амритсар қанды қырғынынан кейін националистер батыл әрекетке көшті.

Өзіндік ерекшелігі бар қозғалыс ретінде Үндістандағы Мохандас Карамчанд Ганди бастаған қозғалыс көрінді (ол «Махатма» – «Ұлы жан» деп аталды). Оның күресінің негізіне сатьяграхи қағидасы, яғни күш көрсетуден бас тартып азаматтық бағынбауға шақырған қағида алынды. Ганди Үндістан үшін автономияны кеңейту туралы өз уәделерін бұзған британдық отарлық әкімшілікпен мүлде қатыспау тактикасын ұсынды. Болашақта бұл билікті дағдарысқа әкеледі немесе оларды жеңілдіктер жасауға мәжбүрлейді.

Ганди жиырма төрт күн бойы үйінен теңіз жағалауына дейін жаяу жүріп, 240 мильдік жолы бойында мыңдаған үндіні қосып алды. Саптағы адамдар Ұлыбритания отар үкіметінің тұз өндірісін монополиялауына наразылық білдірді. Салық төлемей тұз жинауы арқылы Ганди өзі әділетсіз санаған заңды әдейі бұзды. Бұл қозғалыс өзге де күш көрсетпестен азаматтық бағынбау актілерін туындатты, оның нәтижесінде 80 мыңнан аса адам қамауға алынды.

Өзінің моральдық қасиеттері мен метрополиямен сәтті қақтығыстар арқасында Ганди талассыз беделге ие болды. Оның идеалы үнді қоғамында бірлікті сақтау болды. Гандидың жақтастарының жоспарлары мүлдем басқа еді. Британия субқұрлықта қалғанға дейін негізінен үнділік депутаттардан құралған Үнді Ұлттық Конгресі және Мұсылмандық Лига бір-бірімен ынтымақтасуға дайын болды. Бірақ олардың көшбасшылары өз мүдделері туралы бір сәт те ұмытпады.

### **Ұлы депрессия және оның салдары**

1920 жылы жаһандық экономиканы сипаттайтын құлдырау мен шарықтау көптеген экономистер мен бизнес көшбасшыларды терең ойландырмады. Жаңа әлемде олар экономикалық құлдырау мен шарықтау – заттың табиғатына байланысты деп оқыды. Алайда 1929 жылдың қазанында Нью-Йорк қаржы биржасы күйреді және 1933 жылға қарай дүниежүзінде өнім, тұтыну, сауда, жұмыс күрт құлдылағаны сонша, кейбір адамдар одан да жаман дүниеден қорықты. Жаңа заман экономикасы ыдырап, адамзат индустрияға дейінгі кезеңіне қайта орала ма? Бұл сұраққа «жоқ» деп жауап берді. Алайда онжылдық соңына дейінгі уақытқа жуық созылған Ұлы депрессия – индустриялық орталықтардан бастап, отарлық елдегі ауылға дейін саяси және экономикалық өмірге орасан зор ықпал етті.

Дәстүрлі түрде жаһандық капиталистік жүйе дағдарысының Ұлы депрессияның басталуы 1929 жылы қазанда Нью-Йорктың биржасының құлдырауынан басталды; құлдырау алдында бірқатар салалар, ең алдымен ауылшаруашылығы рецессия жағдайында болды. Ретро-спективада әлемдік өндірістің жаһандық қысқаруында локалдық төмендеудің рөлі анық еді. Миллиондаған замандастар үшін биржаның құлдырауы жылдамдығы мен көлемі жағынан таңғаларлықтай оқиға болды. Ол не қашып құтыла алмайтын, не дайындалып үлгермейтін катастрофа болды.

Депрессия себептерінің әр алуан интерпретациялары бар, бірақ, олардың барлығы АҚШ-тың соғыстан кейінгі жаһандық экономикадағы рөлімен байланысты. 1919 жылға таман мемлекет әлемдік өндірістің сөзсіз көшбасшысы ғана емес, негізгі кредиторға да айналды. Англия, Франция мен Германия – жақында ғана екінші әлемдік экономика болған мемлекеттер Америка үкіметі мен американдық банктердің борышкерлері болды. Ал Германия АҚШ-тан алған салымдарды жыл сайын репарациялық төлемдер үшін пайдаланды. Іс жүзінде соғыс белгілі бір деңгейде стимул болған АҚШ-тың экономикасы соғыстан зардап шеккен еуропалық экономикаларды қалпына келтіруді өз мойнына алды. Бұл американдық инвесторлар нарықтың экономикалық мүмкіндіктеріне сенімді болғанға дейін жалғасатын еді.

Мәселе американдық экономиканың өсуі қор биржадағы алыпсатарлық жағдайды тудырығанынан болды. Бұл біртіндеп қаржы салымдарын еуропалық нарықтан Америкаға көшуіне әкелсе, ол өз кезегінде биржадағы бағалардың өсуінің жаңа айналымына әкелді. 1929 жылдың





күзіне таман алыпсатарлықтың пен акцияларға бағалардың «негізсіз» екендігі анықталғаны сондай, негізгі инвесторлар оларды сата бастады. Нақты осы сатылымдардан кейін тарихта «қара сейсенбі» деген атпен белгілі 24 қазандағы күрт құлдырау болды. Құлдыраудан кейін банкроттің есі шығып кетті: өз қарыздарын жабуға тырысқан инвесторлар өз салымдарын қайта алуға ағылды. Алыпсатарлық операцияларға қатысқан көптеген банктерге ақшаның жоқтығы себебінен клиенттер тасқыны алдында есік жабуға тура келді. Қаржы институттарының банкроттығынан туындаған ақша массасының азаюы бірден барлық экономикаға әсер етті. Жұмыссыздықтың күрт өсуімен тұтынушы нарығына тікелей байланған индустриалды өндіріс құлдырай бастады. Нәтижесінде осы өзара байланысты факторлардың күш алуына байланысты 1932 жылы индустриалдық өндіріс индексі 45%-ға төмендеді, ал жұмыссыздар саны 30%-ға немесе 12 миллион адамға жетті.

Американдық экономиканың құлдырауының әлемдік салдарлары өзін ұзақ күттірмеді. Халықаралық конъюнктураға бағынышты, яғни әлдеқайда индустрияланған экономикасы бар елдер қатты зардап шекті. Екі есе қарызгер Германияның экономикасы 1932 жылы өз өндірісінің үш жыл бұрынғы көрсеткіштерінен 58%-ға төмендеді; 6 миллион неміс жұмыссыз қалды. Ішкі тұтынуға бағытталған ауылшаруашылық базасы бар Франция өндірістің күрт төмендеуімен тек 1931 жылы бетпе-бет келді. Ауыр индустриализацияны бастаған КСРО жабық мемлекет болғандықтан Депрессиядан құтыла алды. Дегенмен шығын деңгейіндегі айырмашылықтарға қарамастан, жалпы әлемдік өндіріс XX ғасырдың басындағы деңгейге түсті.

Депрессия Жаһанданудың бірінші толқынына кедергі болды. Өндірістің қысқаруы мен жұмыссыздықтың өсуіне алғашқы әрекет болжамды еді: протекционистік тарифтердің енгізілуі, алтын стандарттан кету мен экспорты ұлғайту мақсатында жүргізілген ұлттық валюталардың девальвациясы орын алды. Бұл шаралар тиімсіз екендігін байқатқанда, альтернативтік шешімдер іздестіріле бастады. Маңызды деген нәтижеге Кейнсинандық доктрина айналды. Бұл қозғалыс британдық экономист Джон Мейнард Кейнстың құрметіне аталған экономикалық ойдың бірі тарамы болды. Ол бойынша әрбір экономика тіршілік үшін күресте әлемнен өзінің табиғи жолмен қалпына келуін күтіп, әлемнен оқшауланбау керек. Мемлекет негізгі экономикалық ойыншыға айналып қаржы салып, қоғамдық жобаларды іске қосу керек, нарықтық тұрғыдан пайда әкелмесе де, экономикалық белсенділікті арттыру үшін жұмыс орындарын ашуы тиіс. Кейнсинандық экономика мемлекеттің одан арғы күшеюіне қатысты дәлелдерді келтірді.

Кейнстың ұсыныстары қысқа талқылаудан соң бірқатар мемлекеттермен қабылданды. Францияда 1936 жылы билікке келген солшыл партиялардың коалициясы («Ұлттық майдан»), 1933 жылы «жаңа бағыттың» бастағаны туралы президент Франклин Рузвельт, итальяндық фашистер, швед социал-демократтары мен жапон милитаристерінің барлығы британдық экономист ұсынған үлгі шеңберінде әрекет етті. Оның тартымдылығы Кейнс қарастырған шаралар экономикалардың «өз-өзіне жеткілікті» режимге немесе автаркияға өтуіне ықпал етті. Локальдық экономикалардың бір-біріне және әлемдік экономикалық конъюнктураға тәуелділігінен туындаған дағдарыс жағдайында «өз-өзіне жеткіліктілік» идеясы, яғни жекелеген экономиканың қолында барлық ресурстардың шоғырлану идеясы халықаралық капитализмнің жағымсыз салдардарынан құтқаратын панацея ретінде қаралды.

Құрама Штаттар, Ұлыбритания, Франция және бірқатар өзге мемлекеттер либерал-демократиялық үкіметтер ұлы депрессиядан әрең-әрең бүтін шыға алатынын көрсетті. Дегенмен билігін жаңа бастаған саяси көшбасшылар қатаң әрекеті мен саясаты өз ұлтын сақтау үшін деп уәде бергендіктен, авторитаризм бағытындағы ғаламдық процесс 1930 жылы үзіліссіз жалғасты. Еуропадағы тағы тоғыз мемлекет, антикоммунист, антилиберал және жалынды националист болған, жоғарыдан бәсеңдейтін үкіметтер үшін, заң шығарушы орган мен партиялық саясаттан бас тартып, дереу авторитарлық тәртіпке бет бұрды. Еуропа мен Латын Америкасында бірдей оңшыл саяси топтар Италия Фашистік партиясының әдісі мен үлгісін қайталады. Олардың пікірінше, «демократия» көппартиялы сайлау емес, алайда мәңгілік қоғамдық театр – шерулер, тулар, жалынды сөздер, жастардың әскерленген топтары, сәнді униформалар – авторитарлық көшбасшыларды өз ұлттарының мәдени және саяси таза қамқоршысы ретінде жариялады.



## Германиядағы нацистік партияның өрлеуі

Экономикалық тұйықтық пен аумақтық экспансияны қолдаған Автаркия, ультра оңшыл қозғалыстардың бағдарламаларында негізгі мәселе болды. Әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында олардың саны артты. 30-жылдары ең күшті еуропалық оңшыл ұйым сөзсіз Германияның Ұлтшыл-Социалистік Жұмысшы партиясы немесе қысқаша «нацистік партия» болды. Депрессияға дейін нацисттер неміс ұлтшыл қозғалыстардың арасында байқалмайтын. Бірақ 1929 жыл неміс саясатын танымал етті; дәстүрлі солшыл, орта және оңшыл күштер өз сайлаушыларынан коммунистер мен нацистерге дауыс беру есебінен айырыла бастады. 1932 жылы олар Социал-демократтарды қуып жетіп, Рейхстагтың ірі фракциясына айналды. Осы жылы оның көсемі – «Фюрер» Адольф Гитлер президенттікке ұсынылды. Ол 37% дауысқа ие болып, бірінші орынды кәрі әлемдік соғыс ардагері Пауль фон Гинденбургке берді. Бірақ бұл сәтсіздік Гинденбургке 1933 жылдың қаңтарында Гитлерге канцлер қызметін ұсынуға кедергі болмады. Ол келісіп, үкіметке өзімен бірге нацистік партияның екі мүшесін алып кірді.

Гитлердің билікке келуі конституция қабылданған қалаға байланысты Веймарлық деп аталған германдық республиканың аяқталғандығын білдірді. Елде жарияланған төтенше жағдайды пайдаланып, бірнеше жыл бойы Гитлер саяси өмірде толық ұлтшылдандыруды жүргізді; 1934 жылдан партия жалғыз заңды партияға айналды. 1933 жылдан нацистер агрессивтік Кейнсиандық рухында елдің экономикалық жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдады. 1936 жылға таман жұмыссыздық жойылды, ал өндіріс деңгейі 1929 жылға жетті. Бұл кезде нацистер негізгі мемлекеттік институттарға бақылау орнатып, Версаль келісімшартын қайта қарауға кірісе алды. Бірақ 1936 жылы бұл қайта қарау процесі қаншалықты алысқа апаратынын ешкім, тіпті, Гитлер де жете түсінген жоқ болатын.

## Сұрақтар

1. Сионизм доктринасы нені білдіреді?
2. Хо Ши Миннің ел тарихындағы рөлі қандай?
3. Сатьяграхи қозғалысы қайда пайда болды және нені білдіреді?
4. Әлемдік экономикалық дағдарыс қандай оқиғадан басталды?